

## **Кәсіпорындар мен ұйымдарды санациялау мен таратуға іріктегенде ақпараттың дұрыс берілуін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1550

Қаржылық-экономикалық жағынан сауықтыру немесе тарату үшін ұсынылатын төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды іріктегенде ақпараттың дұрыс берілуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттікке белгіленген тәртіппен тоқсан сайын, есеп берілетін тоқсанның екінші айының 15-іне дейін, берешегінің ең көп сомасы болып отырған кәсіпорындардың тізбесін берсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тоқсан сайын, есеп берілетін тоқсанның екінші айының 15-іне дейін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттікке акцияларының бақылау пакеті мемлекет қарауында болып отырған, үш айдан астам мерзім бойы бюджетке төлем жасалуын кідіруге жол берген шаруашылық жүргізуші субъектілердің - мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың тізбесін табыс етсін.

3. Министрліктер, ведомстволар мен басқа да шаруашылық басқару органдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттіктің сұратуы бойынша апталық мерзім ішінде кәсіпорындарды санациялау мен тарату тиімділігі туралы мәселе қарау үшін қажетті төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындар жөнінде қосымша ақпарат беретін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне екінші деңгейдегі банктерді тоқсан сайын, есеп берілетін тоқсанның екінші айының 15-іне дейін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттікке, Банк бойынша берешегі бар кәсіпорындардың тізбесін беріп отыруға міндеттеу ұсынылсын.

5. "Таратуға ұсынылған мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерін іріктеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 652 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 193-бап) мынадай өзгерістер енгізілсін:

4-тармағындағы "тоқсаннан кейінгі айдың" деген сөздер "тоқсанның екінші айының" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК